



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№36
(20710)



5 наурыз, сейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboi@yandex.kz

www.syrboi.kz



www.facebook.com/syrboi.kz/



www.instagram.com/syrboi_kz



https://twitter.com/syrboi



t.me/syrboi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Ант беру рәсіміне қатысты

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен АХҚО Сотының жаңадан тағайындалған төрағасы лорд Ян Бернеттің ресми ант беру рәсімі өтті.

Жиынға АХҚО Басқарушысы Ренат Бектұров, АХҚО Халықаралық арбитраж орталығының төрағасы Томас Крюммель, сондай-ақ АХҚО Сотының тіркеушісі және Халықаралық арбитраж орталығының аппарат жетекшісі Кристофер Кэмпбелл-Холт қатысты.

Ресми жиында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы бұл институттың коммерциялық дауларды шешуде елеулі қызмет атқаратынын атап өтті.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы инвесторлар сенім артатын маңызды алаң саналады. Осы орайда халықаралық стандарттарға сай тәуелсіз сот жүйесі бар АХҚО Соты негізгі рөл атқарады. Құрметті лорд Бернетт, Сізді осынау жауапты лауазымға тағайындауыңызбен құттықтаймын. Сіздің кандидатураның таңдалуы АХҚО сот жүйесінің тұрақтылығы және сенімділік қағидаттарын сақтауға бейіл екенін тағы да растайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент өз міндетін ыждағаттылықпен орындап, АХҚО Сотында қаралған әр істе әділеттілікті және әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге күш салғаны үшін Соттың бұрынғы төрағасы лорд Джонатан Манска ризашылығын білдірді.

Жиыннан кейін Мемлекет басшысы шараға қатысушылармен АХҚО Сотын және Халықаралық арбитраж орталығын еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал ететін негізгі тәуелсіз институттар ретінде дамыту перспективасын талқылады. Бұдан бөлек, Президент дауларды шешуде қатысты халықаралық құқықтың үздік тәжірибесін енгізу, сондай-ақ заманауи технологияны, оның ішінде жасанды интеллекттің әлеуетін белсенді түрде пайдалану маңызды екенін айтты.

РУХАНИЯТ ЖЫЛЫ

Қызылорда облысы – «Үздік мәдени өңір»



Биылғы жыл Сыр елі үшін «Руханият жылы» деп жарияланды. Оның бастау көрінісі көктемнің алғашқы күндерінде заманауи үлгіде бой көтерген 1000 орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. Сырт келбеті алыстан көз тартатын сәулетті ғимараттың ішкі сән-салтанаты тіпті ерекше. Ғимараттың есігінен енгенде тамаша үйлесімді, көркемдік пен жайлы көңіл-күйді сезінесіз. Фойенің төрінде Сыр елінің мәдениеті мен өнеріне еңбегі сіңген көрнекті тұлғалардың композициялық портреті ілінген.

Сб Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

«Өнер орталығының» ашылуында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматыев құттықтау сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Азаматтарымыздың рухы арқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн» деген болатын. Сыр өңірі – шежіре тұнған, халықтың асыл мұралары сақталған алтын көмбелі мекен, қазақ театрының алғашқы қазығы қағылған жер. Аймағымыздың киелі сахнасынан мәдениет майталмандары мен өнер тарландары түледі.

2-бет

Өмірдің шуағы, тіршіліктің тірегі – Ана



Көктемнің шуақты күндерінде қыз-келіншектердің жып-жылы мерекесі қарсаңында облыс орталығында «Анаға тағзым» республикалық аналар форумы өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі, Президент жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева, белгілі қоғам қайраткері, Алматы облысының құрметті азаматы, тіл жанашыры Асылы Осман, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов және аталған комиссияның мүшелері, белгілі қоғам қайраткерлері, өңірлерден келген делегациялар, еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары, көпбалалы аналар, ұстаздар, облыстың зиялы қауымы, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Сб Айнур БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



САПАР

«Таң» ауылындағы жобалармен танысты

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, «Таң» ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты.



Алдымен аймақ басшысы ауылға кіреберіс жолдың бойындағы жобаларды көрді. Елді мекенге «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізінен кіреберіске дейін ағаш отырғызылmaq. «Таң-Жанаконьс», «Таң-Самұрат» автомобиль жолдары мен «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту жұмыстары пысықталды.

Айта кетейік, «Таң LTD» ЖШС ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, бірқатар маңызды бастамаларды іске асыруда. Ауыл тұрғындарына арналған екі

пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілетін болады. Сондай-ақ кәсіпорын 3 өндірістік базаны іске қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуды жоспарлауда. Қазір шаруа қожалығының иелігінде күріш ақтау зауыты мен ет өңдеу цехы бар. Күріш ақтау зауыты 5 жыл бұрын іске қосылған, тәулігіне 100 тонна өнім өндуге қарқарлы, мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2019 жылы ауылдық округке қарасты «Жанаконьс» елді мекенінде «Агролидер Таң» ЖШС-ның ет өңдеу цехы ашылған.

2-бет

ӨНІР ӨНІМІ

Жер астындағы жылыжай

Өңірдің сор топырағын игеріп, жылыжайда түрлі өнім алып отырған еңбеккер жандар бар. «Сабалақ» саяжайының тұрғыны Дархан Қалыбеков денсаулығына байланысты өзінің жұмысынан бас тартып, кәсіптен айналысуды ұйғарған. Үшінші топ мүгедегімін демей, бірнеше кәсіптің көзін үйлестіре білген. Соның ішінде негізгі табысы жылыжайдан түседі.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

4-бет

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев форум жұмысына сәттілік тілеп, қоғамдағы аналардың ролін ерекше атап өтті.

Ана – ол тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Қазақ халқының тәрбиесінде әйел-анаға отбасының сақтаушысы, сұлулық пен адалдықтың белгісі ретінде сый-құрмет әрдайым ерекше болған. Біз үшін жер де – ана, ел де – ана, табиғат та – ана, Отан да – ана, тіл де – ана. Осының бәрі ананың жүрек лүпілімен тұтастықта үйлесім тапқан. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен

әлемді тербеткен аналарымызды халқымыз құрмет тұтып, жұмақты ардақты ананың табанының астынан іздеген. Расында ана баласына берген тәрбиесі арқалы жарқын болашақтың қалыптасуына ықпал етеді.

Өткен жылы өңірімізге жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жанадан ашылған «Анаға тағзым» орталығында болды. Мұндай орталықтардың жастарға тәлім-тәрбие берудегі маңызын айтып, жоғары бағасын берді. Сонымен қатар, бүкіл еліміздің аналары бас қосатын тәжірибе

2-бет

